

Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 2015 жылғы 4 қарашадағы № 37-1 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 қарашада № 4142 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 2018 жылғы 29 мамырдағы № 21-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 29.05.2018 № 21-6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Зеленов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге **ж о ғ а р ы л а т ы л с ы н .**

2. Зеленов аудандық мәслихат аппаратының басшысы (Г. А. Терехов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Т. Залмуканов

Р. Исмагулов